

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің  
11.05.2022 жылғы жалпы отырысының  
стенограммасынан үзінді көшірме  
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті  
Мәжілісінің Төрағасы Е. ҚОШАНОВ жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
от 11.05.2022 года  
Вел заседание Председатель  
Мажилиса Парламента Республики Казахстан  
Е. КОШАНОВ.**

**ТӨРАҒА.** Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Министрлер Кабинеті арасындағы Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде. Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары Қамалетдинов Сұлтан Бүркітбайұлына беріледі.

**ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б.** Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Қырғыз Республикасымен Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери-техникалық жәрдем көрсету туралы келісімді ратификациялауды көздейтін заң жобасы ұсынылады.

Келісімге 2021 жылғы 7 желтоқсанда Жоғарғы Бас қолбасшының тапсырмасын, Қырғызстан тарапының әскери-техникалық көмек көрсету туралы сұрауын іске асыру мақсатында қол қойылды.

Келісім бойынша әскери мүлік бір рет беріледі, оның атауы мен көлемі дипломатиялық арна арқылы келісілді.

Қазақстан тарапы мүлікті Қырғыз Республикасының Қой-Таш елді мекеніне дейін автомобильмен жеткізеді, шығысты өздері көтереді.

Қырғызстан тарапы алған мүлікті тек қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін пайдаланады, үшінші тарапқа бермейді, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге қарсы қолданбайды.

Орталық Азия өңіріне іргелес аумақтағы шиеленіс болған өңірлік қауіпсіздікке сын-кәтер төнген жағдайда әскери-техникалық көмек көрсету Қырғызстан Қарулы Күштерінің оған тойтарыс беруіне, Орталық Азия өңірінің қауіпсіздігін нығайтуға мүмкіндік береді.

Заң жобасын қабылдау бюджеттен қосымша қаражатты қажет етпейді, теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкелмейді.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

**ТӨРАҒА.** Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Кучинская Юлия Владимировна.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Я поддерживаю данный законопроект и призываю своих коллег также его поддержать.

Уважаемый Султан Буркутбаевич! В соответствии со статьей 3 соглашения, как Вы отметили в своем докладе, наша страна обеспечивает доставку автомобильным транспортом военного имущества до территории Кыргызстана.

Поясните, пожалуйста, как будет обеспечена безопасность доставки груза как на территории Казахстана, так и на территории Кыргызстана?

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Юлия Владимировна, большое спасибо за вопрос.

Действительно, при доставке имущества охрана будет осуществляться согласно общевоинскому Уставу наших Вооруженных Сил, обеспечена выездным караулом, а также сопровождением органами военной полиции до Государственной границы, а после пересечения Государственной границы безопасность осуществляется уже кыргызской стороной.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, включите микрофон Кучинской Юлии Владимировны.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Все-таки на территории Кыргызстана за безопасность груза отвечает кыргызская сторона?

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Так точно.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Не мы?

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Не мы.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Сүлейменова Жұлдыз Досбергенқызы.

СҮЛЕЙМЕНОВА Ж.Д. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Сұрағым келісімнің 4-бабына байланысты.

Аталған келісімнің 4-бабында тараптар өзара келісімі бойынша осы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін деп қарастырылған.

Нақты қандай өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы сөз қозғалып отырғандығын түсіндіріп беруіңізді сұраймын. Және осы өзгерістер мен толықтырулар ратификациялауды қажет ете ме? Рақмет.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Сұрағыңызға рақмет. Рұқсат болса, біз Сізге жазбаша жауап берейік.

ТӨРАҒА. Жоқ, бұл сұрақ Сыртқы істер министрлігіне қойылды ғой. Сыртқы істер министрінің орынбасары бар.

ҚОНЫСПАЕВ Е.Б. Рұқсат болса мен жауап берейін.

Құрметті Жұлдыз Досбергенқызы, сұрағыңызға рақмет.

Осыған ұқсас баптар барлық халықаралық шарттарда бар, өйткені бір құжатта ынтымақтастықтың барлық мүмкін аспектілерін қамту мүмкін емес.

Егер келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу кажеттілігі пайда болса, онда олар ратификациялауға жататын жеке хаттамамен рәсімделуге тиіс.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Депутат Авершин Константин Викторович.

АВЕРШИН К.В. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемый Султан Буркутбаевич! В соответствии со статьей 1 соглашения наша страна оказывает военно-техническое содействие Кыргызстану в виде безвозмездной передачи военного имущества. При этом сам перечень указанного военного имущества соглашением не раскрывается.

В связи с этим у меня следующие вопросы:

1. По какому принципу был сформирован указанный перечень?

2. Не отразится ли передача этого военного имущества на обороноспособности нашей страны? Рақмет.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Спасибо за вопросы.

Перечень имущества, передачу которого мы осуществляем, составляется по заявке принимающей стороны, то есть Кыргызстана. Естественно, мы передаем только то имущество, которое у нас не используется и излишествует.

ТӨРАҒА. Вы удовлетворены ответом? Микрофон депутата Авершина включите.

АВЕРШИН К.В. В целом да, но все-таки хотелось бы, может быть, в письменном виде ознакомиться. Излишеством особо... Военное имущество, сами понимаете, – это очень тонкое дело. Я, как член Комитета по международным делам, обороне и безопасности, хотел бы знать в полном объеме, какое имущество передается.

Все-таки вопрос звучал по-другому: не отразится ли на обороноспособности нашей страны? Понятно, что излишки. Спасибо.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Нет, не отразится. Весь перечень мы Вам в письменном виде предоставим.

ТӨРАҒА. Жақсы.

Имашева Снежанна Валерьевна.

ИМАШЕВА С.В. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Султан Буркутбаевич! В статье 1 соглашения, которое мы должны ратифицировать, говорится, что Кыргызстан не передает военное имущество, переданное нашей страной, третьей стороне и не использует против стран – участниц СНГ. В самом соглашении нет механизма контроля.

Скажите, пожалуйста, как вы будете контролировать, передает Кыргызстан третьей стороне наше имущество или нет?

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Имущество, как я уже докладывал, третьей стороне не передается. Имеется специальная группа, которая осуществляет контроль за использованием этого имущества.

Какие меры мы можем принять? Естественно, представление ноты и отказ от последующего оказания помощи. Спасибо.



ТӨРАҒА. Депутат Мұсабаев Самат Базарбайұлы.

МҰСАБАЕВ С.Б. Ракмет, құрметті Төраға.

Менің берейін деп отырған сұрақтарымды әріптестерім қойып кетті, дегенмен нақтылайтын мәселелер бар.

Бірінші. Келісімшартта мүлікті үшінші тарапқа бермейді және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге қарсы қолданбайды делінген. Сіздер үшінші тарапқа берген жағдайды және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге қарсы қолданған жағдайды оны қалай анықтайсыздар? Егер ондай жағдай болса, оған қандай шара қолданылатын болады?

Екінші. Бұл мәселе заң жобасына қатысты емес, бірақ елдің бір аманаты бар еді. Өзіңіз білесіз, жақында Жамбыл облысының Қордай ауданында 18 жасқа толған, бірақ әлі ант бермеген Маңғыстау облысының азаматы қайтыс болды. Және сол азаматты өлтірді деген айыппен Атырау облысының бір азаматы түрмеге қамалды. Бұл мәселе қазір әлеуметтік желіде талқыланып жатыр. Осыған бір түсінік беріп кетсеңіздер. Бұл мәселе бойынша Қорғаныс министрлігі тарапынан бүгінгі күнге дейін түсінік берілген жоқ. Ракмет.

ТӨРАҒА. Түсінік бересіз бе? Негізі бұл қаралып жатқан заң жобасына қатысы жоқ мәселе. Бірақ түсінік бере алсаңыз, беріп кетіңіз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Иә, бұл заң жобасына қатысы жоқ.

ТӨРАҒА. Жақсы. Онда бірінші сұраққа жауап беріңіз.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Бұл сұраққа мен жоғарыда жауап бердім, бірақ тағы қайталап айтайын. Қырғызстан тарапы алған мүлікті тек қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін пайдаланады және үшінші тарапқа бермейді. Ол мәселе келісіммен қарастырылған.

ТӨРАҒА. Депутат Мұсабаевтың микрофонын қосыңыздар.

МҰСАБАЕВ С.Б. Олардың үшінші тарапқа бергенін, бермегенін сіздер қалай анықтайсыздар? Егер анықталса, оған қандай шара қолданылады? Бұл осы заң жобасында қарастырылмаған ғой.

ҚАМАЛЕТДИНОВ С.Б. Рұқсат болса, мен орыс тілінде жауап берейін.

Создаются специальные группы контроля, которые осуществляют контроль за использованием переданного имущества. В случае, если это имущество будет использовано против третьей стороны, в первую очередь против стран Содружества Независимых Государств, то, естественно, мы будем применять соответствующие меры.

Кыргызская сторона подписала соответствующий договор о нераспространении и неприменении. В случае применения специальные группы будут осуществлять контроль, в последующем будут предъявлены соответствующие ноты, а в случае повторения помощь больше не будет предоставляться.

ТӨРАҒА. Жақсы. Басқа сұрақ жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Менде бір ескерту бар. Осы жерде Үкіметтің өкілі отыр. Баяндамашылар дайындалып келу керек. Жазбаша жауап беру деген бір

сұраққа болар, бірақ бүкіл сұраққа жазбаша жауап беру деген болмайды. Онда баяндамашылардың бұл жерге келуінің де қажеті жоқ, бір-бірімізбен хат жазысып отыруымызға да болады.

Бұның өзі бір үлкен тақырып та емес, белгілі тақырып, жұмыс тобында қаралды, комитетте қаралды, осы сұрақтың бәрі көтерілді, сондықтан нақты жауап беруге болады ғой. Үкімет өкілі, Үкіметтен келетін барлық баяндамашыларға Мәжілістің осы ескертуін жеткізіңіз.

Сұлтан Бүркітбайұлы, орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі депутат Платонов Артур Станиславовичқа беріледі.

ПЛАТОНОВ А.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бүгінгі таңда Қазақстан мен Қырғызстан бауырлас халықтар, рухани жақын, адал достар, сенімді стратегиялық одақтастар екенін ерекше атап өткім келеді.

Осы тұрғыда екі елдің ең ірі халықаралық ұйымдар шеңберіндегі ынтымақтастық мәселелері бойынша үйлесімді жұмысын атап өткен орынды.

Бейбітшілікті, халықаралық және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту біздің ортақ мүдделеріміз болып табылады.

Қазақстан мен Қырғызстан шамамен 250 құжаттан тұратын, оның ішінде әскери және әскери-техникалық ынтымақтастыққа қатысты берік шарттық-құқықтық базаға негізделген тату көршілік және достық байланыстар орнату бойынша үлкен жұмыстар атқарды.

Өңірлік қауіпсіздікті қолдауға, сондай-ақ Орталық Азия елдерінің қорғаныс әлеуетін арттыруға байланысты қаралып отырған халықаралық құқықтық акт осы жұмысты жалғастыруға бағытталған.

Қаралып отырған құжатты ратификациялау Қырғыз Республикасы Қарулы Күштерінің Орталық Азия өңірінде туындайтын қауіп-қатерлерге барабар ден қою жөніндегі мүмкіндіктерін күшейтуге мүмкіндік береді деп пайымдаймын.

Мәжілістің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасы жұмыс тобы мен бас комитеттің отырыстарында жан-жақты қаралды.

Айтылғандарды ескере отырып, заң жобасын мақұлдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Спасибо, Артур Станиславович.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бүгінгі әлемдегі шиеленісті геосаяси жағдайда халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері тым өткір тұрғанын атап өткім келеді. Бұлар Орталық Азия аймағы үшін де маңызы өте зор.

Қаралып отырған келісімді ратификациялау үстіміздегі жылдың мамыр айының соңында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қырғызстан еліне ресми сапарының алдындағы көршілік, туысқандық қатынастарды, стратегиялық әріптестікті және одақтастықты одан әрі дамытуды мақсат тұтқан ерекше маңызы бар екенін атағанымыз жөн.

Өткен жылдың желтоқсан айында біздің үкіметтеріміз арасында Ақысыз әскери-техникалық көмек көрсету келісімі жасалған болатын, ал қазіргі қаралып отырған шарт аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жүргізіліп жатқан жұмыстардың жіксіз жалғасы болып табылады.

Қазақстан Орталық Азия елдеріне тұрақты да тиянақты әскери-техникалық көмек көрсетуде.

Осы мемлекеттердің қатарында Қырғызстан да бар. Бұған қоса Қырғызстанның әскери қызметкерлері біздің әскери жоғары оқу орындарында сапалы білім алуда.

Осынау қаралып отырған келісім Қырғызстан Қарулы Күштерінің әлеуетін нығайтуға, күшейтуге ықпал етіп, ал ол өз кезегінде Орталық Азия аймағының қауіпсіздігін нығайтуға сүбелі үлесін қосады деп пайымдаймын.

Аталған заң жобасын мақұлдап, оны Парламент Сенатының қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Заң жобасын мақұлдап, оны Сенаттың қарауына жіберу туралы бір ғана ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 104, «жақтағандар» – 104. Шешім қабылданды.

Осы мәселе бойынша қаулының жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 104, «жақтағандар» – 104. Қаулы қабылданды.



*Дүрсін: Құжаттамамен қамтамасыз ету  
Байланыс секторы меңгерушісі  
Майя Н. Шайғынтаев.*